Тағамнан улану дегеніміз - микробтармен және оның токсиндерімен, яғни уларымен ластанған азық-түлікті пайдалану салдарынан жедел пайда болатын, адамнан-адамға жұқпайтын аурушаңдық. Тағамнан уланудың жалпы белгілері: аурудың тез арада жедел түрде басталуы, тез жазылуы, бір уақытта біраз адамның ауруы, аурудың белгілі бір тағаммен байланыстылығы, сезікті тағамды тоқтатқан соң аурудың тоқтауы. Бактериялар мен микробтар ылғалды, жылы және коректік ортада тез өрбиді. Тағамнан улану жағдайы тағамның дайындалуы, сақталуы барысында бактериялармен, бактериалды улармен, вирустармен немесе өз табиғатындағы улы заттармен ластанған тағамдарды қолданғанда болады.

ТАҒАМНАН УЛАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ- Тағамнан уланудың негізгі себептері жеке бас гигиенасының, санитариялық-гигиеналық талаптардың және тамақтарды дайындау барысында технологиялық процестердің сақталмауы, сақтау мерзімдерінің бұзылуынан болады. Тағамнан уланудың алғашқы белгілері: асқазанның ауырсынуы, құсу, жүрек айну, дене қызуының жоғарылауы, т.б. Тағамнан уланудың клиникалық көрінісі уланудың түріне және зақымданған улы тамақты қанша мөлшерде жегеніне байланысты. Ең алғашқы белгілері зақымданған тамақты жегеннен кейін 30 минуттан соң басталады. Тағамнан уланудың ең алғашқы белгілері білінген кезде әсіресе балалар, қариялар және жүкті әйелдер тез арада дәрігерлерлік көмекке жүгінуі тиіс. Егер ауру ұзақ уақыт жазылмай, құсу, организмнің сусыздануы, нәжісінде қанның болуы және өткір ішек ауруы сияқты белгілері сақталған жағдайда міндетті түрде дәрігерлік көмекке жүгінген дұрыс. Сәбилердің организмдері тез сусыздануға бейім болғандықтан, ешбір кедергісіз, уақыт созбай емделу қажет. Аурудың алдын-алу жолдары: - тамақтанар алдында қолды жуу; - термиялық өңдеуге жатпайтын жеміс-жидектерді қайнатылған сумен жуу, қалғандарын ағынды сумен жуу; - тек қайнатылған немесе бөтелке суын ішу; - тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқыштарда сақтау; - кондитер өнімдерін тек дүкендерден ғана алу, қауіпсіздігін растайтын құжатының болуына көңіл бөлу; - үй жағдайында дайындалған консерві (ет, құс, балық, саңырауқұлақ) өнімдерін белгісіз адамдардан сатып алмау; - тағамның түрі, түсі, иісі және тағы басқа белгілері күмән тудыратын болса, мұндай тағамды мүлдем пайдаланбау.

**А.Қ.ТАЖМАХАНОВА,**
**Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.**

# Тұмау және ЖРВИ: көрінісі, белгілері, емі және алдын алу жолдары



Тұмау - бұл барлық жастағы адамдар мен балаларға әсер ететін вирустық инфекция. Тұмау эпидемиялары жыл сайын, әдетте суық мезгілде болады. Дүние жүзінде тұмау және жіті респираторлық вирустық инфекциялар ауруының саны бойынша бірінші орында тұр, олардың жұқпалы аурулар құрылымындағы үлесі 95%-ға жетеді. Тұмау және ЖРВИ денсаулықты бірте-бірте әлсіретіп, адамның орташа өмір сүру ұзақтығын бірнеше жылға қысқартады. Тұмаудың ауыр жағдайында жүрек-қантамыр жүйесі, тыныс алу мүшелері, орталық жүйке жүйесінің қайтымсыз зақымдануы жиі кездеседі, бұл жүрек және қан тамырлары ауруларына, пневмонияға, трахеобронхитке және менингоэнцефалитке әкеледі.

Тұмауға ең көп шалдығатындар созылмалы аурулардан зардап шегетін халықтың егде топтарының арасында кездеседі.

Тұмау вирусы өте оңай беріледі:

Ең көп тараған жұғу жолы - ауа тамшылары арқылы;

Тұрмыстық жұқтыру, мысалы, тұрмыстық заттар арқылы да берілуі мүмкін.

Жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде науқастың немесе вирус тасымалдаушының мұрын-жұтқыншақтарынан патогенді микрофлорасы бар сілекей және қақырық бөлшектері, соның ішінде тұмау вирустары бөлінеді. Науқастың айналасында аэрозоль бөлшектерінің максималды концентрациясы бар жұқтырған аймақ пайда болады. Олардың дисперсия диапазоны әдетте 2 - 3 м-ден аспайды. Жеке гигиенаны сақтай отырып, тыныс алу жолдарының инфекциясын тудыратын патогендердің таралуын болдырмауға болады.

Тұмау белгілері мен себептері:

Тұмау күтпеген жерден келіп, санаулы сағаттардың ішінде денеңізге толығымен таралады;

Тұмау температураның күрт көтерілуімен (кейбір жағдайларда 40,5 градусқа дейін), жарыққа сезімталдықтың жоғарылауымен, бүкіл дененің ауырсынуымен, сондай-ақ, бас және бұлшықет ауырсынуымен сипатталады;

Тұмаудың бірінші күні мұрыннан су ағу болады, бұл тек осы вирусқа тән;

Тұмаудың ең белсенді кезеңі аурудың үшінші-бесінші күні, ал соңғы сауығуы 8-10-шы күні болады.

Барлығымыз өз денсаулығымызды және айналамыздағы адамдардың денсаулығын ойлауымыз керек.

Алдын-алу шаралары:

Науқас болып көрінетін немесе дене қызуы және жөтелі бар адамдармен жақын араласудан аулақ болыңыз;

Адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болыңыз;

Ауыз бен мұрынды ұстамаңыз;

Қол гигиенасын сақтаңыз - қолыңызды сабынмен немесе бактерияға қарсы құралдармен жиі жуыңыз, әсіресе ауыз бен мұрынды ұстаған кезде.

Тұрғын үй-жайларға таза ауа ағынын көбейтіңіз, терезелерді мүмкіндігінше жиі ашыңыз. Ауру адаммен байланыста болған кезде бетперде қолданыңыз.

Салауатты өмір салтын ұстаныңыз, соның ішінде жеткілікті деңгейде ұйықтаңыз, құнарлы тағамдарды тұтыныңыз және физикалық белсенділікті арттырыңыз.

Халықты профилактикалық иммундау (вакцинация) - тұмаудың ең тиімді профилактикасы болып табылады. Өз кезегінде, вакцинациядан бас тартудың негізгі қауіпі - ауру адаммен байланыс арқылы тұмауды жұқтыру мүмкіндігі. Сонымен қатар, вакцинацияланбаған адам басқаларға ықтимал қауіпті, өйткені ол жұқпалы аурудың тасымалдаушысы болып табылады.

**Г.П. ТУСМАГАНБЕТОВА,**
**Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.**

# АУЫЗ СУ САПАСЫНА ЖҮРГІЗІЛГЕН САНИТАРИЯЛЫҚ - ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ ТУРАЛЫ



Ауыз су - тіршілік көзі, маңызды тағам болып табылады, сондықтан оның қауіпсіз және пайдалы ғана емес, сонымен қатар ағзаға жеткілікті мөлшерде жеткізілуі маңызды.

Халыққа берілетін ауыз су гигиеналық қауіпсіздік талаптарына сай болуы керек. Ауыз су органолептикалық көрсеткіштері бойынша қолайлы-мөлдір, бөгде иіссіз және дәмі жағымды болуы; химиялық құрамы жағынан зиянсыз; жұқпалы аурулардың қоздырғыштары болмауы керек.

Судың құрамында халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін заттар: артық темір,ауыр металдар, улы органикалық қосылыстар,пестицидтер, радиоактивті элементтер, хлоридтер,сульфаттар, нитраттар белгіленген гигиеналық нормативтер мөлшерінен аспауы керек.

Бүгінгі күні су сапасына деген талаптар қатаң жолға қойылып, пайдаланып отырған суымыздың таза әрі зиянсыз екендігіне кепілдік беруге бағытталып отыр.

Әрбір тұрғын эпидемиялық және радиациялық тұрғыдан қауіпсіз, химиялық құрамы бойынша зиянсыз және жағымды органолептикалық қасиеттерге ие ауыз суды тұтынуы керек.

Аудан халқы 100 пайыз жер асты суымен қамтамасыз етілген. Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының есебінде аудандағы 17- орталықтандырылған су жүйесі есепте тұрады. Меншік нысаны- «Қазсушар» ШЖҚ РМК Сыр суы филиалы болып табылады.

Ауыз судын сапасына ҚР ДСМ 2020 жылғы 13 қарашадағы № ҚР ДСМ-193/2020 бұйрығымен бекітілген «Санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде мониторинг жүргізу үшін 2024 жылға мемлекеттік тапсырыспен бекітілген кестеге сәйкес ҚР ДСМ СЭБД «ҰСО» ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша Жалағаш аудандық бөлімшесінің зертханасына 2024 жылдың 12 айына орталықтандырылған ауыз су жүйелерінен микробиологиялық көрсеткіштерге алынған ауыз су сынамалары 312/4- (2,0%), сәйкессіздік (Ақсу, Аққұм,Ақарық,Еңбек ауылдары) көрсеткен.

Санитарлық-химиялық көрсеткіштерге 312 сынама алынып, оның 16-ы-5,12% пайыз- (Бұқарбай батыр, Мәдениет, Жаңаталап, Шәменов елді мекендері- құрғақ қалдық пен хлоридтер бойынша) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 26 бұйрығы мен бекітілген "Су көздеріне, шаруашылық-ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» санитариялық қағида талабына сәйкессіздік көрсетті.

Мониторинг қорытындысымен аудан әкіміне, «Сыр суы» филиалына хат жолданды.

«Жалағаш ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесімен ауыз су жүйелері мен таза су қоймаларын (резервуар) көктемгі және күзгі жоспарлы жуу-шаю, залалсыздандыру кестесі жасалған, сәйкесінше кесте бойынша дезинфекциялау жұмыстары жүргізіліп тұрады.

**Г.АБДИЕВА,**
**Жалағаш аудандық СЭББ бас маманы.**

# ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ

Вакцина - әлсіреген немесе өлтірілген микроорганизмдерден, олардың метаболизм өнімдерінен немесе адамдар мен жануарларды вакцинациялау үшін қолданылатын микроб жасушаларының немесе вирустардың жеке антигендік компоненттерінен жасалған препарат.

Вакцинация (немесе егу) - инфекцияның алдын алатын немесе оның салдарын әлсірететін жұқпалы ауруға қарсы иммунитетті тудыру мақсатында адам ағзасына вакцинаны енгізу.



Вакциналық профилактика - белсенді спецификалық иммунитетті құру арқылы жеке адамдарда және қоғамда жұқпалы аурулардың дамуын болдырмау мақсатында вакциналарды қолдану. Барлық вакциналар медициналық иммунобиологиялық препараттар болып табылады, өйткені олар дәрігердің қадағалауымен енгізіледі және арнайы технологияны қолдана отырып өңделген патогенді қамтиды, оған қарсы иммунитетті құру жоспарлануда. Вакциналар тек өздері тағайындалған аурулардан қорғайды.

Дәрілік заттардың стерилділігі Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және дәрілік заттардың қауіпсіздігін бақылау үшін халықаралық ұйымдар ұсынған консерванттармен қамтамасыз етіледі. Бұл заттар адам ағзасына енгізуге рұқсат етілген. Вакциналардың толық құрамы оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген. Егер адамда белгілі бір вакцинаның құрамдас бөліктерінің кез келгеніне ауыр аллергиялық реакция болса, онда бұл әдетте оны енгізуге қарсы көрсетілім болып табылады.

Миллиондаған адамдардың өмірін сақтау.

Иммунизацияның арқасында жер бетінде шешек жойылып, полиомиелит жойылуға жақын. Иммундау дифтериядан, сіреспеден, көкжөтелден және қызылшадан жыл сайын 2-3 миллион өлімнің алдын алады.

Қазақстанда жұқпалы ауруларға қарсы иммундау балалардың және бүкіл халықтың денсаулығына мемлекеттің кешенді қамқорлығының бір бөлігі болып табылады.

Ең үздік әлемдік тәжірибе негізінде екпе күнтізбесін үздіксіз жетілдіруге, оған жаңа тиімді вакциналарды енгізуге ерекше назар аударылуда. Қазақстан Республикасының профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес дифтерия, көкжөтел, сіреспе, қызылша, қызамық, полиомиелит, туберкулез, эпидемиялық паротит, В гепатиті, HIB, пневмококк инфекциясы бойынша жоспарлы иммундауды жүзеге асыру көзделген. Қазақстан Республикасында вакцинация күнтізбесі бойынша егу оңай және тегін.

Елімізде вакциналар мен инъекциялық материалдардың сапалы жеткізілуін қамтамасыз ететін заңнамалық база бар, вакциналарды болжау және сатып алу процесі бар, олардың рөлін жақсы түсінетін және бұл жұмысты атқарып жатқан тиісті органдар бар. Ұлттық күнтізбеде қолданылатын вакциналардың сапасына ДДҰ алдын ала квалификациясы арқылы кепілдік беріледі. Профилактикалық егу жоспары негізінде қауіпсіз, уақтылы, сапалы және толық иммундаумен қамтамасыз етуге кепілдік беретін вакциналар мен қауіпсіз иммундау құралдарына қажеттілік есептеледі.

Вакцинация - балаларды көптеген жұқпалы аурулардан қорғаудың ең тиімді құралы

Табиғи түрде вакциналар баланың иммундық жүйесін алдын-ала үйретеді, олар инфекцияға тап болған кезде оны қалай тез жеңуге болады.

Вакцинация - баланы ауыр аурудан қорғаудың ғылыми дәлелденген ең қауіпсіз және тиімді әдісі.

Вакцинацияның арқасында қауіпті инфекциялардың эпидемиясын тежейтін халықтың қорғалған қабаты қалыптасады.

Қазақстан Республикасында балаларды вакцинациялау Қазақстан Республикасының профилактикалық егу күнтізбесіне сәйкес, дәрігердің алдын ала тексеріп-қарауынан кейін, қарсы көрсетілімдер болмаған жағдайда және заңды өкілдерінің бірінің ерікті келісімі бойынша жүргізіледі.

**Г.П.ТУСМАГАНБЕТОВА,**
**Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының бас маманы.**

# «БЖЗҚ» АҚ «ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛҒАН ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА 4,2 МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫН АУДАРДЫ

2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша еліміздің барлық балаларына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан алғашқы қаражат есептелген сәттен бастап «БЖЗҚ» АҚ шамамен 4,2 млн АҚШ долларына 41 799 өтінішті орындады (өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторларға аударылды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсарту мақсатында 2,3 млн-ға жуық АҚШ долларына 22 623 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 1,9 млн-нан астам АҚШ долларына 19 176 өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы, қаржының пайдаланылмаған қалдығы нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (2,2 млн-нан астам АҚШ долларына 21 979 өтініш орындалды), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – шамамен 21,6 мың АҚШ долларына 215 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу - шамамен 17,7 мың АҚШ долларына 176 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (1,6 млн-ға жуық АҚШ долларына 15 885 өтініш орындалды), білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыру (248,6 мыңға жуық АҚШ долларына 2 477 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (70,4 мыңнан астам АҚШ долларына 702 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50% мөлшері жылына бір рет, 2006 жылы және одан кейін туған Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балаларға теңдей бөлінеді. 2024 жылғы ақпан айында 2023 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ-ға барлық балалар үшін алғашқы нысаналы талаптар есептелді. Сондай-ақ, 18 жасқа 2024 жылы толған азаматтардың нысаналы жинақтау шоттарына (НЖШ) нысаналы жинақтар (НЖ) есептеліп, төлемдер жүзеге асырыла бастады.

kids.enpf.kz сайтында және БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында Бағдарламаның шарттарымен танысып, қажетті нұсқаулықтар алып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап алуға болады. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала кәмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube-арнасында https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q28OM сілтемесі бойынша көруге болады.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.**

# ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ 11 АЙДА 4,25 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша азаматтардың БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарындағы зейнетақы активтері 22,13 трлн теңгеге (11 айдағы өсім 4,25 трлн теңге немесе 23,8%) жетті. Бір жыл ішінде зейнетақы жинақтары 4,75 трлн теңгеге (немесе 27,4%) өсті.

Қазақстандықтардың жинақтарының 96,07% мөлшері МЗЖ есебінен қалыптасқан, оның көлемі 01.12.2024ж. шамамен 21,24 трлн теңге болды (бір жылдағы өсім – 26,4%, жыл басынан бері – 22,8%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары – 642,76 млрд теңгеге жетіп, бір жылдағы өсім – 16,2%, ал жыл басынан бері 13,1% артты. Ең үлкен өсімді (жылына 48,9%, жыл басынан бері - 43,7%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, оның көлемі – 7,59 млрд теңге.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 11 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтары 218,79 млрд теңгеден асты.

Кіріс ағындары

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. 2024 жылғы 11 айда салымшылардың жеке және шартты шоттарына түскен зейнетақы жарналары 2,49 трлн теңгеден асты (өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда өсім 29,4% немесе 567,35 млрд теңгеге артық).

Жарналардың барлық түрлері оң сипатты көрсетті: МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.12.2024 жылға дейін 2,18 трлн теңге (бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,7% артық) түсті, МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға 104,3 млрд астам теңге (өсім 20,6%), ЕЗЖ бойынша – 2,8 млрд теңге (өсім 35,3%) жиналды. ЖМЗЖ көлемі – 204,12 млрд теңге.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.12.2024 ж. дейін 2,78 трлн теңге болды. Оның көлемі өткен жылмен салыстырғанда 1,53 трлн теңгеге (немесе 123%) өсті.

**Төлемдер мен аударымдар**

2024 жылдың 11 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар түріндегі шығыс ағындары 1,13 трлн теңгеге жетті. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі төлемдер көлемінен 2 есе көп.

497,98 млрд теңге - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) құрады.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен 185,42 млрд теңге, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 32,8% жоғары.

Сондай-ақ, осы кезең ішінде мұрагерлік бойынша төлемдер – 55,35 млрд теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 37,49 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – шамамен 2,77 млрд теңге, жерлеуге төлемдер – 9,18 млрд теңге көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 339,66 млрд теңгеден астам қаржы аударылды.

Зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан берілетін орташа айлық төлем - 33 826 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы - 945 752 теңге болды.

**ЖЗШ саны**

2024 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны - 17,07 млн. бірлік (жыл басынан бергі өсім - 4,74 млн бірлік немесе 38,5%, бір жылдағы өсім – 38,7%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2024 жылдың 1 желтоқсанына 12,48 млн бірліктен асты. Оның ішінде: 11,14 млн - МЗЖ бойынша, 711,35 мың - МКЗЖ бойынша, 436,47 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - 4,58 млн бірліктен асты.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

**«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.**

# ХАБАРЛАНДЫРУЛАР • ОБЪЯВЛЕНИЯ

***

Жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдау «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Саяхат м/а, Саяхат-28 көшесі мекен-жайында күріш сақтауға арналған қоймалар құрылысы» жобасына өткізіледі.

Тапсырыс беруші: "Тан ЛТД" ЖШС, Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Таң а.о., Таң ауылы, Жеңіске 40 жыл к-сі , БИН 050340002293, Тел: +7 707 182 8344;

Құжаттаманы әзірлеуші: «MGE PROJECT» ЖШС, Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі 220 А, БИН 040 140 015 761, Тел.: 8 771 092 99 99

Ұсыныстар мен ескертулер қоғамдық тыңдау өтетін мерзім 2025 жыл ақпан айының 6-нан бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады. Жоба бойынша құжаттама орналасуы және ұсыныстар мен ескертулер https://ecoportal.kz/ сайтында қабылданады.

***

Общественные слушания в форме публичного обсуждения проводятся по проекту «Строительство складов для хранения риса по адресу: ул. Саяхат-28, мкр. Саяхат, город Кызылорда, Кызылординской области».

Заказчик проекта - ТОО "Тан ЛТД". Адрес: Кызылординская область, Жалагашский район, Танский с.о., с.Тан, ул. 40 лет Победы, дом 1, БИН: 050340002293, Тел: +7 707 182 8344;

Разработчик проекта – ТОО «MGE PROJECT». Адрес: Кызылординская обл, г.Кызылорда, ул. Ы. Жахаева №. 220А. БИН 040 140 015 761, Тел.: 8 771 092 99 99;

Замечания и предложения принимаются в период проведения общественных слушании в период от 6-го февраля в течении 5 рабочих дней 2025 г.;

Размещение документации по проекту, предложения и замечания принимаются на сайте https://ecoportal.kz/.

## ӘСЕР ЕТУ СКРИНИНГІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІҢ ҚАМТУ САЛАСЫН ҚАРАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТІ ҚАРАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 56-бабының 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – ЭТРМ) стратегиялық экологиялық бағалау (бұдан әрі – СЭБ материалдары) жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

- «Қызылорда қаласы Қосшынырау ауылдық округі Досан ауылдық елді мекенін дамыту және салу схемасы (бас жоспардың оңайлатылған нұсқасы)»
- «Қызылорда қаласы Қызылжарма ауылдық округі Қызылжарма ауылының бас жоспары»
- «Қызылорда қаласы Кент Тасбөгет қаласының бас жоспары» жобасына СЭБ жөніндегі есеп.
- Бас жоспарын әзірлеу жобасы;
- Жобаның графикалық альбомы.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «МПК-Проект» ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі .

СЭБ әзірлеуге жауапты: Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

СЭБ материалдары бойынша қорытындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар Министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) Бас жоспардың іске асырылуы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Бас жоспар бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ бойынша есепте құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал елеулі әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) сізде Бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2024-2035 ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар Министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: 2024 жылғы 30 желтоксанына дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2024 жылғы 30 желтоксан).

Байланыс деректері: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар Министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.

Экологиялық саясат департаменті

Тел. 8 (7172) 74-08-90, 74-02-83. e-mail: r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz, b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде эл-ектронды мекен-жайға жіберуге болады. Министрлік Кеңсесінің мекен-жайы: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде, кеңседе +7/7172/74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет. СЭКБ бойынша материалдар орналастырылған:

Министрліктің сайтында («қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі) https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/activities/directions?lang=ru.

Қызылорда қаласының әкімдігі сайтында.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О РАССМОТРЕНИИ СКРИНИНГА ВОЗДЕЙСТВИЯ

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О РАССМОТРЕНИИ СФЕРЫ ОХВАТА ОТЧЕТА ПО СТРАТЕГИЧЕСКОЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОЦЕНКЕ

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О РАССМОТРЕНИИ ОТЧЕТА ПО СТРАТЕГИЧЕСКОЙ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ ОЦЕНКЕ

В соответствии с пунктом 4 статьи 56 Экологического кодекса Республики Казахстан в Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее - МЭПР), для проведения стратегической экологической оценки поступили следующие документы (далее - материалы СЭО):

- «Схема развития и застройки (упрощенный вариант генерального плана) сельского населенного пункта Досан, аульного округа Косшынырау города Кызылорда»
- «Генеральный план аула Кызылжарма аульного округа Кызылжарма города Кызылорда»
- «Генеральный план кента Тасбугет города Кызылорда».
- Проект «Схемы развития и застройки (упрощенный вариант генеральных планов)»;
- Графический альбом проекта.

Разработчик материалов СЭО: ТОО «МПК-Проект»

Заказчик материов СЭО: Коммунальное государственное учреждение "Кызылординский городской отдел архитектуры и градостроительства" акимата города Кызылорда.

Ответственный за разработку СЭО: Коммунальное государственное учреждение "Кызылординский городской отдел архитектуры и градостроительства" акимата города Кызылорда

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказать свои замечания и предложения по следующим вопросам:

1) может ли реализация Генплана оказывать существенные воздействия на окружающую среду, и если да, то какие это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2) какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Генплана и почему?

3) освещена ли в отчете по СЭО вся интересующая Вас информация о возможных существенных воздействиях реализации Документа на окружающую среду и здоровье населения? Какая информация интересует Вас и почему?

4) имеются ли у Вас иные замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Генплана на окружающую среду и здоровье населения?

Период действия стратегического документа: 2024-2035 гг

Уполномоченный орган: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: до 30 декабря 2024 года (последний день приема замечаний и предложений – 30 декабря 2024 г.)

Контактные данные:

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан г. Астана, пр. Мангилик-Ел, 8

Департамент экологической политики

Тел. 8 (7172) 74-08-90, 74-02-83. e-mail:r.orynbasarova@ecogeo.gov.kz, b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

Замечания и предложения в письменном виде можно направлять в электронном виде на эл.адрес Канцелярии Министерства: k.kense@ecogeo.gov.kz

Необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону: +7 7172 74-08-44

Материалы по СЭО размещены:

на сайте Министерства (раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка») https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/activities/directions?lang=ru

на сайте акимата г.Кызылорда.

***

11.03.2025 ж. Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Белкөл қыстағы Жана мөлтек ауданы, 13 құрылысы, сағат 10.30 -де Қызылорда қаласы, Бірқазан стансасы, «Қызылорда-VI» кен орнының маңында орналасқан «Қалықов Б.С.» ЖК кірпіш зауыты үшін атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылары (ШРШ) нормативтерінің жобасы» бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдау өтеді.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары - 44°45'06"с.ш. 65°46'57"в.д. Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдау онлайн режимінде ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы өтеді;

Войти Zoom Конференция https://us05web.zoom.us/j/85688940592?pwd=k6FHzaYZCzKtypCaHfn0n5hiC7Uyhp.1

Идентификатор конференции: 856 8894 0592. Код доступа: ryFtY1

Тапсырыс беруші: "Қалықов Б.С." ЖК, Қызылорда қаласы, Ақтөбе көшесі, 18 тел: 8 701 222 10 82.

Әзірлеушілер: «ОрдаПроектКонсалтинг» ЖШС, БИН 111240003333, Қызылорда қ. Жахаева 66/3, тел: 8(7242)23-03-35, 87081553675

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ecoportal.kz/ және ЖАО веб-сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі: econur2011@mail.ru, 87081553675

Жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы мен пошталық мекенжайы:

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, N1, тел: 8- (7242) -60-53-62

***

11.03.2025 года по адресу Кызылординская область, г.Кызылорда, пос.Белкуль микрорайон Жана, строение 13 в 10:30 часов проводятся общественные слушания в формате открытого собрания «Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферу для кирпичного завода ИП «Калыков Б.С.», расположенного в черте города Кызылорда, около станции Бирказан месторождение "Кызылординское-VI"».

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия - 44°45'06"с.ш.65°46'57"в.д. В случае продления карантина данные общественные слушания будут проводиться в режиме онлайн посредством видеоконференц-связи на платформе ZOOM;

Войти Zoom Конференция https://us05web.zoom.us/j/85688940592?pwd=k6FHzaYZCzKtypCaHfn0n5hiC7Uyhp.1 Идентификатор конференции: 856 8894 0592. Код доступа: ryFtY1

Заказчик: ИП «Калыков Б.С», г.Кызылорда, ул. Актобе, 18, тел: 8 701 222 10 82,

Разработчики: ТОО «ОрдаПроектКонсалтинг», БИН 111240003333, г. Кызылорда, ул. Жахаева, 66/3,

Тел.: 8(7242)23-03-35, 87081553675

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа:https://ecoportal.kz/ и сайт МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru

Электронный адрес и номер телефона, по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: econur2011@mail.ru, 87081553675

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа:

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62

***

«КМНПЗ» ЖШС-І Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2025 жылдың 7 наурызы күні сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Мұстафа Шоқай көшесі, №305 мекен-жайында «Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Шоқай көшесі, №305 мекен-жайында орналасқан зауытты газбен жабдықтаудың жұмыс жобасын бейімдеу. Қызылорда қаласындағы құрылыстың екінші кезеңіне қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Географиялық координаттары №1 - 44,310565 65,564530; №2 – 44,810307 65,564862; №3 – 44,809972 65,564583; №4 – 44,809972 65,564004

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ecoportal.kz/ және жао веб-сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru. Zoom конференция:https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=wjdbwdpxlrhhly962uejaj1llbcv60.1&omn=88533066265 конференция идентификаторы: 679 067 4661 кіру коды: 76epza

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz сайтында беріледі.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: "КМНПЗ" ЖШС. Бсн 001240005337. Заңды мекенжайы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Мұстафа Шоқай көшесі, 305 ст-е. Жоба құрастырушы: «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ» ЖК, БСН 050540011686. Қызылорда қ, Хон Бен До көшесі, №6а. Тел: 8-701-112-60-99, e-mail: nastya_seta@mail.ru. "ҚР экология, геология және табиғи ресурстар Министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау Комитеті" РММ 08.04.2022 ж. Берген №02455Р лицензия.

***

ТОО «КМНПЗ» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса Республики Казахстан, сообщает, что 7 марта 2025 года в 10:00 по адресу: Кызылординская область, город Кызылорда, улица Мустафа Шокая, 305 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Раздел охраны окружающей среды «Адаптация рабочего проекта газоснабжения завода, расположенного по адресу: Кызылординская область, г. Кызылорда, ул. Шокая, №305. Второго этапа строительства в г. Кызылорда»

Географические координаты №1 - 44,310565 65,564530; №2 – 44,810307 65,564862; №3 – 44,809972 65,564583; №4 – 44,809972 65,564004

Ссылка на единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: https://ecoportal.kz/ и сайт мио https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru. Zoom конференция:https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=wjdbwdpxlrhhly962uejaj1llbcv60.1&omn=88533066265 идентификатор конференции: 679 067 4661. Код доступа: 76epza.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале.

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания будут проводиться в онлайн-режиме.

Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и сайте http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО "КМНПЗ" БИН 001240005337. Юридический адрес: Кызылординская область, г.Кызылорда, ул.Шокай, №305.

Разработчик: ИП «КАЗИНЖЭКОПРОЕКТ», БИН 050540011686, г.Кызылорда, ул. Хон бен до дом №6а, тел: 8-701-112-60-99, e-mail: nastya_seta@mail.ru. Лицензия №02455р от 08.04.2022 г. Выдана РГУ "Комитет экологического регулирования и контроля Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РК"

***

«TRANSSHIPMENT 1» ЖШС-гі Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2025 жылдың 14 наурызы күні сағат 15:00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті Кокшокы мөлтек ауданында И.Әдбікәрімов №8 мекенжайында «Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі ауылында қуаттылығы жылына 500 мың тонна сұйық реагенттер қоймасының (СЖЖ) базасын салу "Жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есебі» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Географиялық координаттары №1 -44°09'25.00"с 066°47'03. 00"в; №2 –44°09'23.00"с 066°47'12.00"в; №3 –44°09'17.00"с 066°47'10.00"в; №4 – 44°09'17.00"с 066°47'04.00"в; №5 - 44°09'16.00"с 066°46'59.00"в; №6 - 44°09'17.00"с 066°46'57.00"в;

